

Ор

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Орындаған: Анварова

Сабина

Тексерген: Қантарбаева

Мазмұны

- 1. Кіріспе
 - 1.1 Цифрлы Технология Болашаққа батыл қадам
 - 1.2 “Цифрлық Қазақстан”
- 2. Негізгі бөлім
 - 2.1 Елдің болашағы Цифрлық Технологияда
 - 2.2 Цифрлы Қазақстан ол қандай болады? Біз дайынбыз ба?
- 3. Қортынды.

Қазіргі уақытта әрбір адамның заманауи ақпараттық-технологияларды пайдалануға мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы — цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдетуге бірден-бір ықпал етіп отыр. Цифрлық технология тек электрондық портал арқылы мемлекеттік қызметтерді пайдалануда ғана емес, тұрғындардың бір-бірімен ақпарат алмасуында да таптырмас құрал болып отыр. Бүгінгі күні Қазақстанға әлемдегі дамыған елдердің бірі болу міндеті жүктеліп отыр.

Әлемдік нарықта IT саласы ауқымды орын алып отыр. Әлемдік нарыққа кіру үшін, жастарды осы салаға маманданадырып бағыттау қажет, себебі заман талабы солай.

Цифрлы технология өзін-өзі ақтайтын және экономиканы қарқынды дамытудың сенімді құралы болып табылады.



«Ақылды», цифрлы, жайлы өмірге ұмтылу керек

Бүгінгі таңда «ақылды технологиялар» адамзат өмірінің барлық саласына қарқындап еніп, оның ажырамас бөлігіне айналуда. Цифрландыру – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жақсартуды бағытқа алған мемлекеттердің барлығы ұстанатын жаһандық тренд, үрдіс. Бұл орайда, тартыншақтап қалуға, бәгелуге мүлде болмайды, себебі бәгеліп қалған аз ғана уақыт бізді бірнеше жыл кейінге шегеріп тастайды. Осы үрдіске бүгіннен бастап бел шешіп кірісу арқылы Қазақстан халқының, әсіресе жастардың және болашақ ұрпақтың табысты өмірінің іргетасы



«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017 жылдың желтоқсан айында бекітілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау.



Негізгі бөлім

Елдің болашағы – цифрлық технологияда.

Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаев:

Цифрландыру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырамыз.

Әлемде технология көзілеспес жылдамдықпен күн сайын жаңарып, даму үстінде.

Болашақта елдің байлығы, даму көрсеткіші жер асты байлықтарының көлеміне қарай емес, заманауи технологияны қаншалықты игергендігіне, онымен жұмыс істеу әдетінің қалыптасуына байланысты болмақ. Мемлекет басшысының «Цифрлық Қазақстан» тапсырмасының орындалуы және көңіл аударылуға тиісті басты мәселелер туралы сөзін тұжырымдап, назарларыңызға ұсынып отырмыз.



Цифрлы Қазақстан. Ол қандай болады? Біз дайынбыз ба?



2024

жылға қарай еліміздегі барлық елді мекендер кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіледі деп күтілуде

Цифрлық экономиканың тірегі.

Цифрлық элементтер мен мәнінде жаһандық экономиканың негізіне айналууда. Небәрі 10 жыл бұрын ең көп капитал мен ең жоғары табыс өндірістік және шикізаттық компанияларға тиесілі еді. Ал бүгін жаһандық рейтингтердің абсолюттік көшбасшылары ретінде Apple, Google немесе Facebook сияқты цифрлық және желілік алыптар тұр. Бұл жекелеген адам, компания және тұтас мемлекеттегі цифрлық ортаны қалыптастырған жаңа сала.



Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты:

1.

"Экономика салаларын цифрландыру" - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

2.

"Цифрлық мемлекетке көшу" - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

3.

"Цифрлық Жібек жолын іске асыру" - ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

4.

"Адами капиталды дамыту" - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

5.

"Инновациялық экожүйені құру" - бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді.

Қорытынды

- Ғылыми жобамды қорыта келе Біздің буын керемет уақытта дүниеге келіп, өмір сүріп жатыр деп санаймын. Себебі, біз Тәуелсіз елде туып, еліміздің жыл санап саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда нығайып келе жатқанына куә бола жүріп, оған өз үлесімізді қосу мүмкіндігіне ие болдық. Осының бәрі – Қазақстанның әлемдік аренада мойындалғанының айқын белгісі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған жолдауы еліміздің әл-ау қатын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі деп санаймын. Жас буын өкілі ретінде, әсіресе, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы үшін ерекше қуаныштымын. Себебі, болашақ технологияға байланысты, технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізу басқа салаларға да серпін береді. Сонымен қатар, IT бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады.
- “Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.

*Назарларыңызға
рахмет!!!*